



“ЭЙР АСТАНА” АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ СЯЯСАТЫ





Осы “Эйр Астана” АҚ тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты (бұдан әрі – Саясат) “Самұрық-Қазына” Ұлттық Әл-ауқат Қоры” АҚ Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту тұжырымдамасына (бұдан әрі – Тұжырымдама) және “Эйр Астана” АҚ (бұдан әрі – Компания) қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалған.




Осы құжат Компаниядағы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің нобайын, мақсаттарын және міндеттерін көрсетеді, тәуекелдерді басқарудың құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі құрамдық бөліктерін айқындайды, тәуекелдерді басқару үдерісін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілін қамтамасыз етеді.



Саясаттың негізгі мақсаттары
болып табылатындар:

тиімді кешенді жүйені құру және Компанияның басқарудың элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған үдіресін жасау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартты тәсілдің негізінде қызметті тұрақты жетілдіріп отыру;

A photograph of an Air Astana aircraft on a tarmac at night. The aircraft is white with blue accents and the text 'air astana' is visible on the fuselage. The tail features a blue and white geometric design. The aircraft is illuminated by ground lights, and the background shows airport infrastructure and other planes in the distance.

Компанияның өз қызметінің ауқымдарына сай келетін қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;

Ұстап қалу қабілетін анықтау және қабылданған тәуекелдердің тиімді басқарылуын қамтамасыз ету

САЯСАТ МЫНАДАЙ МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН:

шешімдер қабылдау және жоспарлау үдерісі үшін сындарлы база жасау;

алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін заманауи теңдестіруге, бағалауға, талдауға, мониторингке, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген үдерісін қамтамасыз ету;

әлеуетті жағымсыз оқиғаларды болдырмауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін басқару жүйесін ендіру және жетілдіру;

A photograph of an Air Astana airplane on a runway, with three text boxes overlaid on the image. The text boxes are light gray, light blue, and yellow, each containing a different point.

ресурстарды пайдаланудың және бөлудің тиімділігін көтеру;

Компанияның активтері мен акционерлік капиталдың қорғалуын қамтамасыз ететін Компанияның қызметінің тиімділігін көтеру жолымен ысырыптар мен залалдарды болдырмау;

бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңдық нормалардың сақталуына қолғабыс ету.

Компанияның тәуекелдерді басқару үдерісінің негізгі қағидаттары болып табылатындар:

- ❖ тұтастылық – Компанияның жиынтық тәуекелдерінің элементтерін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде қарастыру;
- ❖ ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін автономды немесе оқшауланған ретінде қарастыруға тиым салу;
- ❖ құрылымдылық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесінің айқын құрылымы бар;
- ❖ хабардарлық – тәуекелдерді басқару объективті, рас және кәкейкесті ақпараттардың болуымен сүйемелденеді;
- ❖ үздіксіздік – тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- ❖ оралымдық – тәуекелдерді басқару үдерісі оның негізгі құрылымдық бөліктерінің ұдайы қайталанатын, құрылған циклын білдіреді.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы
Компанияның мынадай органдарын және бөлімшелерін тарта
отырып бірнеше деңгейлерде тәуекелді басқарумен ұсынылған.

Бірінші деңгей –
Директорлар
кеңесі

Екінші деңгей –
Компанияның
Президенті және
Тәуекелдер
жөніндегі Комитет

Үшінші деңгей –
тәуекелдерді басқару
үшін жауапты
құрылымдық
бөлімше.

Тәуекелдерді басқару үдерісінде
Компанияның құрылымдық
бөлімшелерінің негізгі функциялары
болып табылатындар:

- тәуекелдерді тұрақты негізде теңдестіру;
- өз құзыреттерінің шеңберінде әдістемелік және нормативтік құжаттамалар әзірлеуге қатысу;
- тәуекелдерге әрекет ету жөніндегі бекітілген іс-шараларды іске асыру;
- тәуекел-коммуникациялардың даму үдерісіне қолғабыс ету.

Тәуекелдерді басқару

- Компания тәуекелдерге әрекет ету әдістерін анықтайды және Компанияның ұстап қалушы қабілетімен және оның тәуекелдерге тәбетімен келісілген қауіпті тәуекелдерді басқару жоспарын жасайды.
- Тәуекелдерді басқару жағымсыз ықпалды және залалдардың ықтималдығын азайтуға немесе Компания қызметінің тәуекелдерімен байланысты тәуекелдер басталған кезде қаржылық өтем алуға мүмкіндік беретін шараларды жасау және іске асыру үдерісін білдіреді. Үдерістің тиімділігін қамсыздандыру және оны іске асыру шығындарын азайту үшін Компания өзінің қаржылық жағдайына және мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге неғұрлым елеулі ықпал ететін тәуекелдерге назар аударуы тиіс. Тәуекелдерді басқару бойынша қабылданатын шешімдерді Компанияның Президенті және Тәуекелдер жөніндегі Комитет жыл сайын қарастырады және бекітеді және Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері орындауы үшін міндетті болып табылады.